

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 30 маусымдағы № 203-VIII ҚРЗ

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Қазақстан Республикасының азаматтығын алу және тоқтату мәселелері бойынша қатынастарды реттеу, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, оны қалпына келтіру негіздерін, шарттары мен тәртібін айқындау;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды, оны жоғалтуды, одан айыруды тіркеуді жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығына жататынын (жатпайтынын) айқындау;

4) азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін реттеу.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) әрбір адамның азаматтыққа құқығы бар;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығы оны алу негіздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының барлық азаматы үшін бірыңғай және тең болып табылады;

- 3) азаматтық адамның еркіне қарсы берілмейді;
- 4) азаматтық мәселелер бойынша балаларға қатысты шешімдер қабылдау кезінде баланың неғұрлым жақсы мүддесі ескеріледі;
- 5) азаматтықтың болмауына жол бермеу және оны азайту.";
- 3) 30-бапта:
- бірінші бөлікте:
- 3) тармақша "тұрақты тұратын" деген сөздерден кейін "және уақытша болатын" деген сөздермен толықтырылсын;
- 3-1) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрып жатқан адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды" деген сөздермен ауыстырылсын ;
- мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:
- "6) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 7) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- 8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";
- екінші бөлік алып тасталсын;
- 4) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:
- 31-бап. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің өкілеттіктері
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:
- осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері:
- Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері бойынша өтініштер қабылдайды және қажетті құжаттармен бірге оларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;
- Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуын тіркейді;

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығына жататынын (жатпайтынын) айқындайды".

2. "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндепті мен қағидаттары

1. Қазақстан Республикасында шетелдіктердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Қазақстан Республикасында шетелдіктердің құқықтық мәртебесін айқындау осы Заңның негізгі міндепті болып табылады.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында шетелдіктер Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндептерді атқарады;

2) Қазақстан Республикасында шетелдіктер өздерінің шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, наследіне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұргылықты жеріне қарамастан немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша заң мен сот алдында тең болады;

3) шетелдіктердің өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылышқа қол сүқпауға, қоғамдық тәртіпке, имандылыққа және халықтың денсаулығына нұқсан келтірмеуге тиіс".

3. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) құқық қорғау органдың, арнаулы мемлекеттік органдың, азаматтық қорғау органдың қызметкерін (курсантты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда) және әскери қызметшіні (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндепті адамды қоспағанда) тұрғын үймен қамтамасыз ету ерекшеліктеріне байланысты қатынастарды реттейді".

2) 2-бапта:

44-3) тармақша мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Тұрғын үй төлемдері ағымдағы және біржолғы тұрғын үй төлемдері, тұрғынжайды өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына берілетін ақшалай өтемақы (бұдан әрі – ақшалай өтемақы) болып бөлінеді.

Ағымдағы тұрғын үй төлемдері деп осы Заңның 101-4-бабының 1-тармағына сәйкес ай сайынғы негізде жүзеге асырылатын төлемдер түсініледі.

Біржолғы тұрғын үй төлемдері деп осы Заңның 101-1-бабының 4-тармағында, 101-9-бабының 2 және 4-тармақтарында және 101-12-бабының 1-тармағында көзделген біржолғы сипаттағы төлемдер, сондай-ақ 2025 жылғы 1 шілдеге дейін тұрғын үй төлемдерін алушыларға төленген біржолғы сипаттағы тұрғын үй төлемдері түсініледі.

Ақшалай өтемақы деп осы Заңның 101-13-бабында көзделген біржолғы сипаттағы төлем түсініледі;";

44-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44-4) тұрғын үй төлемдерін алушы – тұрғын үй төлемдері тағайындалған, тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымдағы арнаулы мемлекеттік органның қызметкері және әскери қызметші (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсантты, тыңдаушыны, кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндепті адамды қоспағанда), сондай-ақ құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының қызметкері (курсанты қоспағанда), сондай-ақ қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) аталған қызметкерлердің және әскери қызметшінің отбасы мүшелері;";

3) 3-баптың 2-1-тармағы алып тасталсын;

4) 13-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік органды, азаматтық қорғау органды қызметкерінің (курсанты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда) және әскери қызметшінің (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндепті адамды қоспағанда), оның ішінде қызметтен шығарылған адамның отбасы мүшелерінің тобы осы Заңның 101-10-бабына сәйкес айқындалады.";

4-тармақтағы "2 немесе 2-1-тармағында" деген сөздер "2, 2-1 немесе 2-2-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "3 және 4-тармақтарында көзделген негіздер" деген сөздер "3, 4 немесе 4-1-тармақтарында көзделген негіз" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "(курсанттарға, аспиранттарға)" деген сөздер "(курсанттарға, кадеттерге, тыңдаушыларға, аспиранттарға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта:

7) тармақшада:

үшінші абзацтағы "арнаулы мемлекеттік органдардың", "арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздер тиісінше "құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының", "құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздер "құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-1) тармақшадағы "арнаулы мемлекеттік орган, ішкі істер органы" деген сөздер "құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "адамдар;" деген сөз "адамдар құқылы." деген сөздермен ауыстырылып, 10) тармақша алып тасталсын;

10-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) біржолғы тұрғын үй төлемдерін, ақшалай өтемақы алса немесе тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алу міндеттемелерін орындаса, олар мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды жекешелендіре алмайды.";

5) 67-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған адамдардың тізімдерін және мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғынжай алған адамдардың тізімдерін өздерінің интернет-ресурстарында жариялау талаптары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға, құқық қорғау органдарына, арнаулы мемлекеттік органдарға, азаматтық қорғау органдарына қолданылмайды.";

екінші бөліктегі "арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының" деген сөздер "құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 77-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғынжай Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының тұрғын үй комиссиясының шешімі негізінде не ақпараттық жүйе болған кезде сол арқылы автоматты режимде беріледі.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының тұрғын үй комиссиялары қызметінің

және ақпараттық жүйесінің жұмыс тәртібін үәкілдегі мемлекеттік органның басшысы айқындаиды.";

7) 101-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл болған құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері немесе әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен немесе әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіруге құқылы.

Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері немесе әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен немесе әскери қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген, өздері тұрып жатқан тұрғынжайларды өтеусіз жекешелендіруге құқылы.

Құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен немесе әскери қызметтен шығарылған, осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде аталған, қызметтік тұрғынжайға теңестірілген тұрғынжай берілген адам қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, жекешелендіру құқығы қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелеріне өтеді. ";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері немесе әскери қызметші қызмет өткери кезінде қаза болған (қайтыс болған) жағдайда, аталған қаза болған (қайтыс болған) адамның отбасы мүшелерінің осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтік тұрғынжайға теңестірілген тұрғынжайды алуға және оны өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.";

6-тармақта:

бірінші бөліктегі "3-тармағында" деген сөздер "3, 4 немесе 4-1-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

8) 13-1-тараудың тақырыбы мен 101-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1-тарау. Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкерін (курсанты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда)

және әскери қызметшіні (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettі адамды қоспағанда) тұрғын үймен қамтамасыз ету ерекшеліктері

101-1-бап. Құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органды қызметкерінің (курсантты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда) және әскери қызметшінің (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettі адамды қоспағанда) тұрғынжайға құқығын іске асыруы

1. Құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органдының, азаматтық қорғау органдының қызметкерін (курсантты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда) және әскери қызметшіні (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettі адамды қоспағанда) тұрғын үймен қамтамасыз ету осы тарауда белгіленген тәртіппен олар тұрғынжайға мұқтаж деп танылған күннен бастап жүзеге асырылады.

Егер осы тармақтың үшінші және төртінші бөліктерінде өзгеше көзделмесе, осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған құқық қорғау органды мен азаматтық қорғау органдының қызметкерін тұрғын үймен қамтамасыз ету қызметтік тұрғынжай беру арқылы жүзеге асырылады, ал тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымдағы арнаулы мемлекеттік органдың қызметкеріне, әскери қызметшіге, сондай-ақ құқық қорғау органды мен азаматтық қорғау органдының қызметкеріне олардың таңдауы бойынша қызметтік тұрғынжай беріледі немесе олардың жеке арнайы шотына тұрғын үй төлемдері аударылады.

Осы баптың 7 және 9-тармақтарында көзделген жағдайларда тұрғынжаймен қамтамасыз ету қызметтік тұрғынжай беру және ағымдағы тұрғын үй төлемдерін аудару арқылы жүзеге асырылады.

Құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органдының, азаматтық қорғау органдының қызметкері немесе әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) біржолғы тұрғын үй төлемдерін немесе ақшалай өтемақыны алған, тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырған не тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндettемені орындаған жағдайларда, сондай-ақ оларда тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайға меншік құқығы туындаған жағдайда, тұрғын үймен қамтамасыз ету тұрғынжайға мұқтаж деп танылған кезде қызметтік тұрғынжай беру арқылы жүзеге асырылады, ал қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда жеке арнайы шотына ағымдағы тұрғын үй төлемдері осы Заңның 101-4-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес белгіленген

ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің елу пайызы мөлшерінде аударылады, олар қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілгенге дейін тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін ғана пайдаланылады.

Осы тармақтың тәртінші бөлігінде аталған құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері немесе әскери қызметші қызмет өткеретін орнынан берілген қызметтік тұрғынжайдан бас тартқан жағдайда тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған адамдардың тізімдерінен алына отырып, ағымдағы тұрғын үй төлемдері тағайындалмайды.

2. Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органының, азаматтық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні тұрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Құқық қорғау органдары мен азаматтық қорғау органдарының тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымдар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Әрекеттегі резервтің қызметкері мен әскери қызметшісіне, штаттағы жасырын қызметкерге тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын арнаулы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының (прокуратура мен азаматтық қорғау органдарын қоспағанда) бірінші басшылары және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді.

3. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органы қызметкерінің және әскери қызметшінің өзі тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайды осы Занда белгіленген тәртіппен жекешелендіруге құқығы бар.

4. Әскери-дәрігерлік комиссия есептен (әскери есептен) шығара отырып, қызметке (әскери қызметке) жарамсыз деп таныған құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органының, азаматтық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші қызмет өткери кезеңінде алған мертігуі (жаракттануы, жаралануы, контузиясы) немесе ауруы себебімен қызметтен шығарылған кезде аталған қызметкер мен әскери қызметшіге біржолғы тұрғын үй төлемдері аударылады.

Біржолғы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері бұрын жүзеге асырылған ағымдағы тұрғын үй төлемдері шегеріле отырып, тұрғын үй төлемдерін алушының өзін қоса алғанда, қызметтен шығарылған кездегі отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр есебімен алынған тұрғынжай алаңын мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органының интернет-ресурсында жарияланатын оның ағымдағы жылғы қаңтардағы деректеріне сәйкес құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органының, азаматтық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші қызмет өткерген Қазақстан Республикасының тиісті өніріндегі жаңа тұрғынжайды сатудың бір шаршы метрінің бағасына көбейту арқылы айқындалады.

Осы тармақта көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдері, егер:

1) мертігүі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) немесе ауруы құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші құқыққа қайшы әрекеттер жасаған кезде немесе психикалық белсенді заттарды (немесе сол тектестерді) тұтыну және масаң қүйі немесе өзіне қандай да бір дene зақымын (дene мүшесіне зақым келтіру) немесе өз деңсаулығына өзге де зиян келтіру салдарынан болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе;

2) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

3) құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкерімен және әскери қызметшімен не оның зайыбымен (жұбайымен) жасалған, тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттеме орындалса;

4) тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттеме орындалмаған, сондай-ақ тұрғынжай мұрагерлік бойынша алынған жағдайларды қоспағанда, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органы қызметкерінің және әскери қызметшінің не оның зайыбының (жұбайының) осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болса;

5) құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) біржолғы тұрғын үй төлемдерін немесе ақшалай өтемақы алса, төленбейді.

5. Тұрғын үй төлемдерін алушыға осы баптың 4-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдері, егер оның тұрғынжайға құқығы олар некеге тұрғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай жүзеге асырылады.

Егер құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері немесе әскери қызметші тұрғын үй төлемдерін алушы болып табылса, осы баптың 4-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерін тағайындау жүзеге асырылады.

Тұрғын үй төлемдерін алушыны жеке құрам тізімдерінен алып тастау, құқық қорғау органдарынан немесе азаматтық қорғау органдарынан шығару оған төленбеген біржолғы тұрғын үй төлемдерін берілген баянатына сәйкес тағайындауға және жүзеге асыруға кедергі болмайды.

Жеке құрам тізімдерінен алып тасталған не құқық қорғау органдарынан немесе азаматтық қорғау органдарынан шығарылған Қазақстан Республикасының азаматы өзіне осы баптың 4-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерін тағайындау үшін қызмет өткерген мемлекеттік мекемеге тізімдерден алып тасталған не қызметтен

шығарылған күнінен бастап үш ай ішінде жүгінуге құқылы. Көрсетілген мерзімнен кейін жүгінген жағдайда мемлекеттік мекеме біржолғы тұрғын үй төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

6. Осы баптың 4-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерінің сомасы тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша негізгі борыш сомасынан асатын жағдайларда, көрсетілген төлемдер қызметтен шығарылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) құнге сыйақы ескеріле отырып, негізгі борыш сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

7. Жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілген құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органдының, азаматтық қорғау органдының қызметкеріне және әскери қызметшіге ағымдағы тұрғын үй төлемдері осы Заңның 101-4-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес айқындалған олардың мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ағымдағы тұрғын үй төлемдері, егер құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органдының, азаматтық қорғау органдының қызметкері және әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы):

- 1) біржолғы тұрғын үй төлемдерін немесе ақшалай өтемақы алса;
- 2) тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемелерді орындаса;
- 3) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса, төленбейді.

8. Қызметтік тұрғынжайларды ұстау және орталықтандырылған жылдыту бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін, сондай-ақ қызметтік тұрғынжайы жекешелендіруге жатпайтын жабық және оқшауланған әскери қалашықтардың, өзге де жабық объектілердің тізбесін (мұндай қызметтік тұрғынжайлар болған кезде) мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекітеді.

9. Осы Заңның 101-4-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге қызмет өткери үшін жіберілген құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органды қызметкерінің және (немесе) әскери қызметшінің Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде болатын бүкіл уақытында тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайы сақталады және (немесе) тағайындалған тұрғын үй төлемдері тоқтатыла тұрмайды.

10. Тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алу құқығы немесе тұрғынжайға меншік құқығының туындауы бір рет жүзеге асырылады.";

- 9) 101-2-бап алып тасталсын;
- 10) 101-3, 101-4, 101-5 және 101-6-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"101-3-бап. Құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органдының, азаматтық қорғау органдының қызметкерін (курсанты және (немесе) тыңдаушыны қоспағанда) және әскери қызметшіні (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі

әскери қызметті өткөріп жүрген әскери қызметшіні, курсант пен кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettі адамды қоспағанда) тұрғынжайға мұқтаж деп тану

1. Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері және әскери қызметші, егер олардың:

1) осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы болмаса, тұрғынжайға мұқтаж деп танылады. Бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің болуы есепке алынбайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің талабы тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша орындалмаған міндettемесі бар құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкеріне және әскери қызметшіге қолданылмайды;

2) Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан алған тұрақты пайдалануында тұрғынжайы болмаса, тұрғынжайға мұқтаж деп танылады.

Осы тармақтың тұрғынжайға мұқтаж деп тану бөлігіндегі күші құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органды қызметкерінің және әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне қолданылады.

Құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органды қызметкері және әскери қызметші жұбайының (зайыбының) некеге тұрғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейін осы елді мекенде өзіне меншік құқығында тиесілі тұрғынжайы бар болған не соңғы бес жыл мерзім ішінде иеліктен шығарылған тұрғынжайы болған жағдайда, аталған қызметкер немесе әскери қызметші жұбайы (зайыбы) есепке алынбай тұрғынжайға мұқтаж деп танылады.

2. Егер ерлі-зайыптылар құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органының, азаматтық қорғау органдының қызметкерлері және (немесе) әскери қызметшілер болып табылса, тұрғын үй төлемдері ерлі-зайыптылардың таңдауы бойынша олардың біреуіне жүргізіледі. Олардың біреуінің жеке арнайы және (немесе) жинақ шоттары оның өтініші бойынша "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жабылады.

Ерлі-зайыптының біреуінің жеке арнайы және (немесе) жинақ шоттарындағы тұрғын үй төлемдерінің сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрғын үй төлемдерін алушы ерлі-зайыптының екіншісінің жеке арнайы және (немесе) жинақ шоттарына аударылады.

3. Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органының, азаматтық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні, егер олар не олардың зайыбы (жұбайы) немесе отбасы мүшелері осы елді мекенде:

1) біржолғы тұрғын үй төлемдерін немесе ақшалай өтемақы алса;

2) тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндettемелерді орындаса, сондай-ақ тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы оның туындауы құқығын

пайдаланса, оның ішінде қызмет өткеретін жерінде осы Заңның 101-6-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген құқықты пайдаланған болса;

3) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

4) зайыбының (жұбайының) некеге тұрғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейін тұрғынжайы болған жағдайды қоспағанда, соңғы бес жыл ішінде тұрғынжайды иеліктен шығаруды жүргізсе, тұрғынжайға мұқтаж деп танудан бас тартылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда тұрғынжайда елу пайыздан кем үlestің иеліктен шығарылуы есепке алынбайды;

5) меншік құқығында, оның ішінде меншікті қаражаты есебінен және (немесе) ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып алған не неке шартының, сондай-ақ сыйға тарту шартының талаптарымен немесе мұрагерлік бойынша пайда болған тұрғынжайы бар болса, тұрғынжайға мұқтаж деп танудан бас тартылады.

Құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органдының, азаматтық қорғау органдының қызметкерінде және әскери қызметшіде мұрагерлік бойынша алынған тұрғынжайды қоспағанда, ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығындағы өзге де тұрғынжай пайда болған жағдайда да оларды тұрғынжайға мұқтаж деп танудан бас тартылады.

4. Осы баптың күші курсантқа, кадетке және (немесе) тыңдаушыға, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіге, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіге, әскери жиындарға шақырылған әскери міндепті адамға қолданылмайды.

101-4-бап. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін тағайындау, тоқтата тұру, қайта бастау, қайта есептеу және тоқтату

1. Ағымдағы тұрғын үй төлемдерін мемлекеттік мекеме олар тағайындалған күннен бастап бір ай мерзімде жүргізеді.

Ағымдағы тұрғын үй төлемдері осы Заңның 101-1-бабы 2-тармағының үшінші бөлігінде көзделген ерекше тәртіппен жүзеге асырылатын тұрғын үй төлемдерін қоспағанда, тұрғын үй төлемдерін алушының таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банктердің бірінде ашылған оның жеке арнайы шотына оларды аудару арқылы жүргізіледі.

Ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органдың интернет-ресурсында жарияланатын оның ағымдағы жылғы қаңтардағы деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті өніріндегі жайластырылған тұрғынжайдың бір шаршы метрін жалға алу құнын тұрғынжай алаңына көбейту арқылы айқындалады. Тұрғынжай алаңы тұрғын үй төлемдерін алушының өзін қоса алғанда, отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр алаң

есебімен айқындалады. Тұрғынжайдың шекті алаңы Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні тұрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларында белгіленеді.

2. Тұрғын үй төлемдерін алушыға ағымдағы тұрғын үй төлемдері:

1) бір мемлекеттік мекемеден екіншісіне, қызмет бабында бір елді мекеннен екіншісіне;

2) кадет, курсант, тыңдаушы лауазымына;

3) ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алуға жатпайтын лауазымға ауыстырылған (аудиоскан, қабылданған) не іссапарға жіберілген немесе тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымнан босатылған күннен бастап тоқтатыла тұрады ("Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құқық қорғау органының, азаматтық қорғау органының қарамағындағы тұрғын үй төлемдерін алушыны қоспағанда).

Құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкері және (немесе) әскери қызметші жүктілігі мен босануына байланысты, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын, оның ішінде тиісті мемлекеттік мекеменің кадрына қабылдауға байланысты демалыста болған жағдайларда, тағайындалған тұрғын үй төлемдері тоқтатыла тұрмайды.

3. Ағымдағы тұрғын үй төлемдері:

1) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда – адам қызметін одан әрі өткери үшін келген мемлекеттік мекеме тұрғын үйге мұқтаж деп таныған жағдайда, ағымдағы тұрғын үй төлемдері тоқтатыла тұрған күннен бастап;

2) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда – шет мемлекеттердің әскери, арнаулы оку орнын немесе білім беру үйімін бітірген күннен бастап;

3) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тұрғын үй төлемдерін алуға жататын лауазымға тағайындалған күннен бастап қайта басталады.

Лауазымға тағайындау немесе арнаулы мемлекеттік органының не әскери бөлімнің (мекеменің) жеке құрамының тізіміне енгізу туралы бүйрек шығарылған күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткен соң ағымдағы тұрғын үй төлемдерін қайта бастау туралы баянат берілген жағдайда, ағымдағы тұрғын үй төлемдері баянат тіркелген күннен бастап қайта басталады.

4. Ағымдағы тұрғын үй төлемдері:

1) бала кезінен мүгедектігі бар адамды (мүгедектігі бар адамдарды) қоспағанда, отбасының құрамы өзгерген, оның ішінде бала (балалар) кәмелеттік жасқа толған;

2) бір мемлекеттік мекемеден екіншісіне, қызмет бабында бір елді мекеннен екіншісіне ауыстырылған;

- 3) жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайды қайтарған;
- 4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланатын оның ағымдағы жылғы қантардағы деректеріне сәйкес айқындалатын, Қазақстан Республикасының тиісті өңіріндегі жайластырылған тұрғынжайдың жалға алу ақысының бір шаршы метрінің күны өзгерген;
- 5) тұрғын үй төлемдерін алушының баласы (балалары) Қазақстан Республикасының аумағында тұрғынжайды сыйға немесе мұраға алған кезде қайта есептеуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдерін қайта есептеу оқиғаның нақты басталған күнінен бастап, бірақ күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзімді өткізіп алған жағдайда ағымдағы тұрғын үй төлемдерін қайта есептеу ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін қайта есептеу үшін берілген баянат тіркелген күннен бастап жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдерін қайта есептеу тұрғынжайды тапсырған күннен бастап жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 5) тармақшасы бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдерін қайта есептеу жылжымайтын мүлікке құқықтар мемлекеттік тіркелген күннен бастап тұрғынжайды сыйға немесе мұраға алған баланы (балаларды) есепке алмай жүзеге асырылады.

5. Ағымдағы тұрғын үй төлемдері:

- 1) тұрғын үй төлемдерін алушы арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің жеке құрам тізімдерінен алып тасталған, құқық қорғау органдарынан, азаматтық қорғау органдарынан шығарылған;
- 2) тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемелер орындалған;
- 3) тұрғын үй төлемдерін алушы тағайындалған ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алушан бас тартқан жағдайларда тоқтатылады.

Бұл ретте тұрғын үй төлемдерін алушы тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемені орынданамаған жағдайда ол ағымдағы тұрғын үй төлемдерінен бас тартуға құқылы емес;

4) тұрғын үй төлемдерін алушыда не оның жұбайында (зайыбында) Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында, оның ішінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, сондай-ақ неке шартының талаптарында өзге де тұрғынжай пайда болған жағдайларда тоқтатылады. Бұл ретте тұрғынжайды мұрагерлік бойынша алу есепке алынбайды.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген жағдайда тұрғын үй төлемдерін алушының тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алу құқығы іске асырылды деп есептеледі;

5) осы Заңның 101-1-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй төлемдерін алушы не оның жұбайы (зайыбы) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алған жағдайларда тоқтатылады.

101-5-бап. Тұрғын үй төлемдерін пайдалану мақсаттары

1. Тұрғын үй төлемдерін алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген тиісті шарттар негізінде жеке арнайы шотындағы ақшаны:

1) тұрғынжайды меншікке, оның ішінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып алу, сондай-ақ осындай қарызды өтеу;

2) "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғынжайды меншікке алудан басқаға талап етуге болмайтын тұрғын үй құрылышы жинақтары түріндегі жинақтарды толықтыру;

3) тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу мақсатында пайдаланады.

Ипотекалық тұрғын үй қарызы болған кезде осы елді мекенде ағымдағы тұрғын үй төлемдері тұрғынжайды жалға алуға жүргізілмейді. Бұл ретте тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін тұрғын үй төлемдерін алушы ағымдағы тұрғын үй төлемдерін олар тағайындалған күннен бастап сегіз жылға дейін қоса алғанда пайдаланады.

Ағымдағы тұрғын үй төлемдері 2025 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған тұрғын үй төлемдерін алушылар үшін тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу үшін белгіленген мерзім 2025 жылғы 1 шілдеден бастап есептеледі.

Жалға беруші мен тұрғын үй төлемдерін алушы арасында жасалған тұрғынжайды жалға алу шарты жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге жатады.

2. Тұрғын үй төлемдерін алушының тұрғын үй төлемдерін жақын туыстарынан, сондай-ақ тұрғын үй төлемдерін алушының жұбайының (зайыбының) жақын туыстарынан тұрғынжайды меншікке алуға немесе жалға алу ақысын төлеуге пайдалануына жол берілмейді.

101-6-бап. Тұрғын үй төлемдерін алушының құқықтары мен міндеттері

1. Тұрғын үй төлемдерін алушы:

1) қызмет өткеріп жүрген мемлекеттік мекемеден өзінің жеке арнайы шотына аударылған ақша туралы мәліметтерді жыл сайын талап етуге;

2) пайдаланылмаған тұрғын үй төлемдерінің сомасын жеке арнайы шотында жинақтауға;

3) тұрғын үй төлемдерін қызмет өткеріп жүрген жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының кез келген өнірінде мақсаты бойынша пайдалануға құқылы.

2. Тұрғын үй төлемдерін алушы:

1) тұрғын үй төлемдерін осы Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға жүмсауға;

2) тұрғын үй төлемдерін осы Заңның 101-5-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мақсаттарда пайдалану фактісі бойынша оқиға басталған күннен бастап бір айдан кешіктірмей тиісті растайтын шарттарды қоса бере отырып, қызмет өткеріп жүрген мемлекеттік мекемені бұл туралы баянат арқылы хабардар етуге;

3) отбасы құрамы өзгерген кезде бұл туралы қызмет өткеретін мемлекеттік мекемені азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, анықтама берілген не сот актісі заңды құшіне енген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде баянат арқылы хабардар етуге;

4) тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемелерді, оның ішінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып орындаған кезде, сондай-ақ тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы меншік құқығы туындаған кезде осы міндеттемелер орындалған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде қызмет өткеріп жүрген мемлекеттік мекемені бұл туралы хабардар етуге;

5) қызмет өткеретін жерінде тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемесі болған кезде өзінің жеке арнайы және жинақ шоттарындағы артық тұрғын үй төлемдерін қабылданған міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеуге жыл сайын жіберуге;

6) тұрғын үй төлемдерін алушының отбасы мүшелерінде тұрғынжайға меншік құқығы туындаған жағдайда, бұл туралы қызмет өткеріп жүрген мемлекеттік мекемені тұрғынжайға меншік құқығы тіркелген күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде баянат арқылы хабардар етуге;

7) қызмет өткеріп жүрген мемлекеттік мекеменің талабы бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемдері аударылатын өзінің жеке арнайы және жинақ шоттарындағы ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмені ұсынуға;

8) осы Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға пайдаланылмаған тұрғын үй төлемдерінің сомасын өзі қызмет өткеріп жүрген мемлекеттік мекеменің шотына қайтаруға міндетті.;"

11) 101-7-бап алып тасталсын;

12) 101-8-баптың бірінші бөлігіндегі "101-5-бабының 6)" деген сөздер "101-5-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 2)" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 101-9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"101-9-бап. Қайтыс болған (қаза тапқан), хабарсыз кетті деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органды қызметкерінің және әскери қызметшінің отбасы мүшелерінің, мұрагерлерінің құқықтары

1. Тұрғын үй төлемдерін алушы қайтыс болған (қаза тапқан), оны заңда белгіленген тәртіппен хабарсыз кетті деп таныған немесе қызмет өткеру кезінде қайтыс болды деп жариялаған жағдайларда оның отбасы мүшелерінің, ал олар болмаған жағдайда

мұрагерлерінің жеке арнайы шотындағы тұрғын үй төлемдерін осы Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға пайдалануға құқығы бар.

2. Қызмет өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) тұрғын үй төлемдерін алушының отбасы мүшелеріне біржолғы тұрғын үй төлемдері жүргізіледі.

Біржолғы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдерінің сомасы шегеріле отырып, өзін қоса алғанда, ол қаза тапқан (қайтыс болған) кездегі отбасының құрамына сәйкес келетін әрбір отбасы мүшесіне он сегіз шаршы метр есебімен алынған тұрғынжай алаңын мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланатын оның ағымдағы жылғы қантардағы деректеріне сәйкес қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкер қызметін өткөрген Қазақстан Республикасының тиісті өнірінде жаңа тұрғынжайды сатудың бір шаршы метрінің бағасына көбейту арқылы айқындалады.

3. Біржолғы тұрғын үй төлемдері, егер тұрғын үй төлемдерін алушының қаза табуы (қайтыс болуы):

1) өз-өзіне қол жұмсауга дейін жеткізген жағдайларды қоспағанда, өз-өзіне қол жұмсауы салдарынан;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде;

3) психикалық белсенді заттарды (сол тексттерді) медициналық емес мақсатта тұтыну және масаң қүйі салдарынан;

4) біржолғы тұрғын үй төлемдерін алу немесе қызметтен жалтару мақсатында өзіне қасақана қандай да бір дene зақымын (өзінің дene мүшесін зақымдау) немесе денсаулығына өзге де зиян келтіру салдарынан;

5) қызмет өткери туралы келісімшарттың талаптарын бұзған тұрғын үй төлемдерін алушының әрекеттері салдарынан болғаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденсе, төленбейді.

4. Осы Заңның 101-1-бабының 4-тармағында немесе 101-12-бабының 1-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерін алмаған құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органдының қызметкері және (немесе) әскери қызметші қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оларды алу құқығы олардың отбасы мүшелеріне өтеді.

5. Қызмет өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органды қызметкерінің және әскери қызметшінің отбасы мүшелері басқа тұрғынжай өтеусіз негізде берілмей, тұрып жатқан тұрғынжайдан шығарыла алмайды. ";

14) 101-10-бапта:

тақырып пен бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"101-10-бап. Құқық қорғау органды, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органды қызметкерінің және әскери қызметшінің отбасы мүшелері

Құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік орган, азаматтық қорғау органдары қызметкерінің және әскери қызметшінің отбасы мүшелеріне:";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бала (балалар) тұрғын үй төлемдерін алушының отбасы мүшесі (мүшелері) ретінде бір рет және олардың таңдауы бойынша ата-аналарының біреуінде ғана есепке алынады.";

15) 101-11-бап алып тасталсын;

16) мынадай мазмұндағы 101-12, 101-13, 101-14 және 101-15-баптармен толықтырылсын:

"101-12-бап. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне және әскери қызметшілерге мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжаймен қамтамасыз етілмеген кезеңдер үшін біржолғы тұрғын үй төлемдері

1. Отбасының басқа елді мекенге көшу қажеттілігіне байланысты арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері немесе әскери қызметші жұбайының (зайыбының) қызмет (әскери қызмет) орны өзгерген кезде отбасы жағдайы бойынша қызметтен шығуды қоспағанда, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкері немесе әскери қызметші қызметте болудың шекті жасына жету бойынша, денсаулық жағдайы бойынша, штаттардың қысқаруына байланысты немесе отбасы жағдайы бойынша қызметтен шығарылған кезде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжаймен қамтамасыз етілмеген кезеңдер үшін біржолғы тұрғын үй төлемдерін алады.

Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкеріне, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшісіне осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қызметтен шығарылған кезде біржолғы тұрғын үй төлемдері арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке (ұздіксіз қызметке) кірген соңғы күнінен бастап – 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін, ал Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардан арнаулы мемлекеттік органдарға (ұздіксіз қызметке) ауысқан жағдайда көрсетілген күннен кейін 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қызметтен шығарылған кезде әскери қызметшіге (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшісін қоспағанда) біржолғы тұрғын үй төлемдері әскери қызметке (ұздіксіз қызметке) кірген соңғы күнінен бастап 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалады.

Бұл ретте осы тармақта көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдері:

- 1) ағымдағы тұрғын үй төлемдері бұрын жүзеге асырылған;
- 2) қызмет өткеретін әрбір жерінде соңғы бес жыл ішінде иеліктен шығару ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік тұрғын үй қорынан

бұрын берілген немесе меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрған кезеңдер шегеріле отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте тұрғынжайда елу пайыздан кем үлестің болуы есепке алынбайды.

Жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайда 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тұрған арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне немесе әскери қызметшіге осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша қызметтен шығарылған кезде біржолғы тұрғын үй төлемдері көрсетілген тұрғынжайда тұрған кезеңдері үшін, бұрын жүзеге асырылған ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің кезеңдері шегеріле отырып, ағымдағы тұрғын үй төлемдері мөлшерінің елу пайызы мөлшерінде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері отбасы құрамының өзгеруі және тұрғынжаймен қамтамасыз етілмеу кезеңдері ескеріле отырып, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында жарияланатын оның ағымдағы жылғы қаңтардағы деректеріне сәйкес арнаулы мемлекеттік органның қызметкері немесе әскери қызметші қызмет өткөріп жүрген Қазақстан Республикасының тиісті өніріндегі жайластырылған тұрғынжайды жалға алу ақысының бір шаршы метрі құнының мөлшерін тұрғын үй төлемдерін алушының өзін қоса алғанда, отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр есебімен алған тұрғынжай алаңына көбейту арқылы айқындалады.

Осы тармақтың күші арнаулы мемлекеттік органның қызметкеріне және әскери қызметшіге, егер олар не олардың жұбайы (зайыбы):

- 1) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;
- 2) біржолғы тұрғын үй төлемдерін немесе ақшалай өтемақы алса;
- 3) тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемелерді орындаса;
- 4) тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттеме орындалмаған, сондай-ақ тұрғынжайды мұрагерлік бойынша алған жағдайды қоспағанда, осы елді мекенде меншік құқығында тұрғынжайы бар болса, қолданылмайды.

2. Тұрғын үй төлемдерін алушыға осы баптың 1-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдері, егер оның тұрғынжайға құқығы олар некеге тұрғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай жүзеге асырылады.

Егер арнаулы мемлекеттік органның қызметкері және әскери қызметші тұрғын үй төлемдерін алушылар болып табылса, осы баптың 1-тармағында көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерін тағайындау жүзеге асырылады.

Тұрғын үй төлемдерін алушыны жеке құрам тізімдерінен алып тастау берілген баянатына сәйкес оған төленбеген біржолғы тұрғын үй төлемдерін тағайындауға және жүзеге асыруға кедергі болмайды.

Жеке құрам тізімдерінен алып тасталған Қазақстан Республикасының азаматы осы баптың 1-тармағының бірінші және бесінші бөліктерінде көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерін тағайындау үшін тізімдерден алып тасталған күннен бастап тоқсан күн ішінде қызмет өткерген мемлекеттік мекемеге жүгінуге құқылы. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін жүгінген жағдайда мемлекеттік мекеме біржолғы тұрғын үй төлемдерін тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

3. Осы баптың 1-тармағының бірінші және бесінші бөліктерінде көзделген біржолғы тұрғын үй төлемдерінің сомасы тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша негізгі борыш сомасынан асатын жағдайларда көрсетілген төлемдер қызметтен шығарылған (жеке құрам тізімдерінен алып тасталған) күнге сыйақы ескеріле отырып, негізгі борыш сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

4. 2025 жылғы 1 шілдеге дейін тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемелері бар әскери қызметшілер (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметінің әскери қызметшілерін қоспағанда) қатарынан тұрғын үй төлемдерін алушыларға біржолғы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері осы баптың 3-тармағы ескерілмей айқындалады.

101-13-бап. Әскери қызметшілерге ақшалай өтемақы

2013 жылғы 1 қаңтарға күнтізбелік есептеуде он және одан да көп жыл әскери қызметте болған, күнтізбелік есептеумен жиырма және одан да көп жыл әскери қызмет мерзімі бар және жекешелендіруге жатпайтын қызметтік тұрғынжайда тұратын әскери қызметшінің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ақшалай өтемақыны жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар.

Осы бапта көзделген ақшалай өтемақы, егер әскери қызметшінің не оның жұбайының (зайыбының):

1) тұрғынжайда елу пайыздан аз үлесінің болуын не тұрғынжайды мұрагерлік бойынша алуын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғынжайы болса;

2) тұрғынжайды купондық тетік арқылы жекешелендіруді жүзеге асыруды қоспағанда, тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырса;

3) біржолғы тұрғын үй төлемдерін немесе ақшалай өтемақы алса;

4) соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік (пайда болу) құқығында өзіне тиесілі тұрғынжайды иеліктен шығаруды жүргізсе, төленбейді.

Бұл ретте әскери қызметшіге осы баптың бірінші бөлігінде көзделген ақшалай өтемақы, егер оның тұрғынжайға құқығы олар некеге тұрғанға (ерлі-зайыпты болғанға) дейін іске асырылса, оның зайыбы (жұбайы), сондай-ақ оның баласы (балалары) есепке алынбай төленеді.

Ақшалай өтемақы мөлшері бұрын жүзеге асырылған ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің сомасы шегеріле отырып, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті

органның интернет-ресурсында жарияланатын оның ағымдағы жылдың қантар айындағы деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша орта есеппен жаңа тұрғынжайды сатудың бір шаршы метрінің құнын әскери қызметшінің өзін қоса алғанда, отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр алаң есебімен тұрғынжай алаңына көбейту арқылы айқындалады.

Ақшалай өтемақы төленген адамдар ақшалай өтемақы төленген күннен бастап үш айдан кешіктірмей, қызметтік тұрғынжайды белгіленген тәртіппен тапсырады.

101-14-бап. Жеке арнайы шот

1. Тұрғын үй төлемдерін алушы екінші деңгейдегі банкте бір ғана жеке арнайы шот ашады және оны пайдаланады.

2. Тұрғын үй төлемдері тоқтатылған жағдайда мемлекеттік мекеме тұрғын үй төлемдері тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірмей мемлекеттік мекеменің банктік шотының деректемелерін көрсете отырып, екінші деңгейдегі банкке ағымдағы тұрғын үй төлемдерін тоқтату туралы хабарлама хат жолдайды.

Тұрғын үй төлемдерін алушы тұрғын үй төлемдері тоқтатылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке арнайы шотын жабуды және тұрғын үй төлемдерінің қалған сомасын мемлекеттік мекеменің хабарлама хатында көрсетілген деректемелерге сәйкес мемлекеттік мекеменің банктік шотына аударуды өтініп екінші деңгейдегі банкке жүгінуге міндетті.

Тұрғын үй төлемдері тоқтатылған және жинақ шоты болған кезде тұрғын үй төлемдерін алушы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы түріндегі жинақтарды толықтыру мақсатында түскен тұрғын үй төлемдерінің сомаларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің хабарлама хатында көрсетілген деректемелерге сәйкес кейіннен мемлекеттік мекеменің банктік шотына аудару үшін оларды жеке арнайы шотына аудару үшін екінші деңгейдегі банкке жүгінуге міндетті.

3. Қызметтен шығарылған құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкери және әскери қызметші жеке арнайы және жинақ шоттарындағы тұрғын үй төлемдерін осы Заңның 101-5-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мақсаттарға ғана пайдаланады.

101-15-бап. Кейбір тұрғын үй төлемдерін алушылар құқықтарының ерекшеліктері

1. Тұрғын үй төлемдерін алушы:

- 1) тұрғынжайды меншікке алу, оның ішінде төлемдерді бөліп төлеу немесе ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалану арқылы алу;
- 2) кейіннен сатып алынатын тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеу;
- 3) тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу кезінде журналарды төлеу;
- 4) тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыш кооперативіне қатысу кезінде журналарды төлеу;

5) тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемелер орындалғанға дейін "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 2025 жылғы 1 шілдеге дейін жасалған шарттар бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындағанға дейін ағымдағы тұрғын үй төлемдерін алу құқығын сақтайды.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ағымдағы тұрғын үй төлемдері осы Заңың 101-4-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің күші қызметтен шығарылған адамдарға қолданылмайды.

2. Құқық қорғау органдының, арнаулы мемлекеттік органдың қызметкері немесе әскери қызметші не оның жұбайы (зайыбы) біржолғы тұрғын үй төлемдерін, ақшалай өтемақыны алған, тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайды жекешелендіру құқығын іске асырған немесе тұрғынжайды меншікке алуға арналған шарт бойынша міндеттемені орындаған жағдайларда, сондай-ақ оларда тұрғын үй төлемдерін пайдалану арқылы тұрғынжайға меншік құқықтары пайда болған жағдайда, тұрғынжайды жалға алу ақысын төлеуге арналған ағымдағы тұрғын үй төлемдері 2025 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған кезде ағымдағы тұрғын үй төлемдерінің мөлшері осы Заңың 101-1-бабы 1-тармағы төртінші бөлігінің талаптары ескеріле отырып қайта қаралуға жатады.";

17) 107-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) осы Заңың 111-бабында (101-бабының 3, 4 немесе 4-1-тармақтарында, 109-бабының 2, 2-1 немесе 2-2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда) және 114-бабында көзделген негіздер туындаса;";

18) 109-бапта:

2-1-тармақта:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен он және одан көп жыл болған әскери қызметшілер немесе құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметтен, құқық қорғау органдарындағы қызметтен немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар жекешелендіруге жататын, тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларды қалдық құны бойынша жекешелендіруге құқылы.

Еңбек сіңірген жылдары күнтізбелік есептеумен жиырма және одан көп жыл болған әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ әскери қызметтен, құқық

қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдардағы қызметтен қызметте болудың шекті жасына толуы, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқартылуына байланысты шығарылған адамдар жекешелендіруге жататын, тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайларды өтеусіз жекешелендіруге құқылы.";

үшінші бөліктегі "арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздер "құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Әскери қызметші немесе құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкері қызметтік өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, оның отбасы мүшелерінің осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметтік тұрғынжай алуға және оны өтеусіз жекешелендіруге құқығы бар.";

4-тармақтағы "2 немесе 2-1-тармақтарында" деген сөздер "2, 2-1 немесе 2-2-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 111-баптың 1-1-тармағындағы "арнаулы мемлекеттік органдардағы" деген сөздер "құқық қорғау органдарындағы, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 112-баптың бірінші бөлігіндегі "(курсанттар, аспиранттар)" деген сөздер "(курсанттар, кадеттер, аспиранттар, тындаушылар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) мынадай мазмұндағы 122-баппен толықтырылсын:

"122-бап. Прокуратура органдарының, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету ерекшеліктері

Осы Заңның 13-1-тaraуының тұрғын үймен қамтамасыз ету ерекшеліктері бөлігіндегі күші 2025 жылғы 1 шілдеден бастап прокуратура органдарының, экономикалық тергеу қызметінің және азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне қолданылады.".

4. "Есірткі, психотроптық заттар, сол текстстер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспедегі "наркологиялық жәрдем көрсету мен азаматтардың денсаулығын, қоғамдық және мемлекет қауіпсіздігін қорғау мақсатында" деген сөздер алып тасталсын;

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

3) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Осы Заңың негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Азаматтардың денсаулығын сақтау, есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар айналымы саласындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды ұйымдастыру осы Заңың негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңың мақсаттарына қол жеткізу мынадай негізгі міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

1) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылау;

2) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимылды мемлекеттік реттеу;

3) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау;

4) мемлекеттік және өзге де органдардың қызметін ведомствоаралық және ведомствоішілік үйлестіру;

5) есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың заңсыз айналымының және олардың теріс пайдаланылуының жолын кесуге бағытталған жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу міндеттерін кешенді түрде шешу;

6) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну және сонымен байланысты құқық бұзушылықтар профилактикасын қамтамасыз ету;

7) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну және сонымен байланысты құқық бұзушылықтар профилактикасы үшін әлеуметтік базаны кеңейту, оның ішінде қоғамдық, діни, халықаралық және басқа да ұйымдар мен азаматтарды ерікті негізде тарту арқылы кеңейту;

8) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылау, олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

3. Осы Заң мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін қорғауды, өмір мен денсаулықты қорғау басымдығын қамтамасыз ету;

2) зандалықты сақтау;

3) Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңнамасын бұзғаны үшін жазаның ғұлтартпастығы;

4) есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласында насихатқа тыйым салу және жарнаманы шектеу.";

4) 5-баптың 3-тarmaғында:

6), 19) және 22) тармақшалар алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:
"23-1) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі, психотроптық заттар, сол текстестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзірлейді және бекітеді;";

5) 22-бап мынадай мазмұндағы 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"5. Есірткі және психотроптық заттарды өндірумен немесе дайындаумен байланысты емес өнеркәсіптік мақсаттарда өсіруге рұқсат етілген сора (каннабис) өсімдігінің сұрыптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның есірткі, психотроптық заттар, сол текстестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, денсаулық сақтау және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген ұсынысы бойынша айқындаиды.

6. Есірткі және психотроптық заттарды өндірумен немесе дайындаумен байланысты емес өнеркәсіптік мақсаттарда өсіруге рұқсат етілген сора (каннабис) өсімдігіндегі тетрагидроканнабинолды өсіру шарттарына және оның жол берілетін құрамын айқындауга қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның есірткі, психотроптық заттар, сол текстестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, денсаулық сақтау және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісілген ұсынысы бойынша белгілейді.

7. Есірткі және психотроптық заттарды өндірумен немесе дайындаумен байланысты емес өнеркәсіптік мақсаттарда өсіруге рұқсат етілген сора (каннабис) өсімдігінің сұрыптарын өнеркәсіптік қайта өндеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органның агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен келісілген ұсынысы бойынша айқындаиды".

5. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспенің бірінші бөлігіндегі "және азаматтардың өмірі мен денсаулығын, меншікті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қоршаған орта объектілерін, ресурстарды күзетуге, қылмысқа және қарудың заңсыз таратылуына қарсы күресте халықаралық ықпалдастықты дамытуға бағытталған" деген сөздер алып тасталсын;

2) 2-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

3) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық, қызметтік, жауынгерлік қол атыс қаруы мен сүйк қарудың айналымына мемлекеттік бақылауды белгілеу, азаматтардың өмірі мен деңсаулығын, меншікті қорғауды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған орта обьектілерін, табиғи ресурстарды күзету, қылмыстырылға және қарудың заңсыз таралуына қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты дамыту осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қару айналымына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру осы Заңның негізгі міндеттері болып табылады.

3. Осы Заң мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) азаматтар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің кепілдігін қамтамасыз ету.;"

4) 29-баптың 1-тармағында:

7) және 8) тармақшалар "әзірлейді" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

8-2) және 8-6) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-7) тармақшамен толықтырылсын:

"8-7) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық, қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;".

6. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде және арнаулы үй-жайларда ұсталатын адамдар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету және мұндай адамдардың соларда ұсталуының заңдылығын қамтамасыз ету осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

Адамдарды арнаулы мекемелерде және арнаулы үй-жайларда ұстау қылмыстық жазаларды, қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларын, әкімшілік жазаны орындау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуі қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін, қоғам мен мемлекет мұдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады және арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тән азабын немесе рухани азап шектіру мақсатындағы әрекеттермен үштаспауға тиіс.

2. Адамдарды арнаулы мекемелерде және арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттарын айқындау, олардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мұдделерінің сақталуын қамтамасыз ету осы Заңның негізгі міндеттері болып табылады.

3. Осы Заң мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) азаматтардың заң мен сот алдындағы тенденция;
- 3) ізгілік;
- 4) жеке адамның абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу.;"
- 2) 2-бапта:

8) тармақша "мүмкін болмаған кезде" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңның 46-6-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда әкімшілік қамауга алынған адамдарды" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) күзетпен ұстau – сот санкциясымен адамдарды уақытша ұстau изоляторында, тергеу изоляторында немесе гауптвахтада Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақытша оқшаулау;"

3) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Қазақстан Республикасының адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттары туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

1. Қазақстан Республикасының адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстau тәртібі мен шарттары туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

4) 3 және 4-баптар алып тасталсын;

5) 5-баптың 3) тармақшасы "арнаулы қабылдау орындарына" деген сөздерден кейін "және қабылдау-бөлу орындарына" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 7-бап алып тасталсын;

7) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Арнаулы мекемелердің және арнаулы үй-жайлардың құқықтық мәртебесі

1. Тергеу изоляторлары заңды тұлға құқықтарына ие болады.

Олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады, қайта үйимдастырылады және таратылады.

2. Ұақытша ұстай изоляторлары өздерінің ведомстволық тиесілігіне қарай тиісінше Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

3. Қабылдау-бөлу орындары және арнаулы қабылдау орындары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің шешімімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Төтенше жағдай енгізілген кезде санитариялық талаптарға сай келетін және одан өз еркімен кетіп қалу мүмкіндігін болғызбайтын, белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәланыштарын құжаттары жоқ немесе әкімшілік қамакқа алынған адамдарды ұстай үшін ыңғайластырылған өзге де үй-жайлар жергілікті жер комендантының шешімімен қабылдау-бөлу орындары және арнаулы қабылдау орындары ретінде пайдаланылуы мүмкін.

4. Арнаулы үй-жайлар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің шешімімен полиция органдарының кезекші бөлімдері жанынан құрылады.

5. Арнаулы мекемелер мен арнаулы үй-жайларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.";

8) 9, 9-1 және 9-2-баптар алып тасталсын;

9) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге және оның өкілдеріне, прокурорға, сотқа, сондай-ақ арнаулы мекемелер мен үй-жайлар, гауптвахталар қарамағында болатын орталық мемлекеттік органдарға (олардың ведомстволары мен органдарына) жолданған ұсыныстар, өтініштер мен шағымдар цензурадан өткізілмейді және адресатқа желімдеп жабылған түрінде дереу жіберіледі.";

10) 46-4-баптың 4-тармағындағы "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" деген сөздер "Құқық қорғау қызметі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 3-2-тараудың тақырыбы "арнаулы қабылдау орындарында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орындарында," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 46-6-бапта:

тақырып "арнаулы қабылдау орындарына," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орындарына," деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзац "арнаулы қабылдау орнына," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнына," деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша "мөрімен бекемделген" деген сөздерден кейін "не электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәланыштырылған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "арнаулы қабылдау орнында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнында," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "Арнаулы қабылдау орнына," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнына," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "арнаулы қабылдау орнына,", "арнаулы қабылдау орнының," деген сөздерден кейін тиісінше "қабылдау-бөлу орнына,", "қабылдау-бөлу орнының," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "өтініштері" деген сөзден кейін "мен ұсыныстары" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта:

бірінші бөлік "адамдарды" деген сөзден кейін "қабылдау-бөлу орнында немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қабылдау-бөлу орнында әкімшілік қамауға алынған адамдар және белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдар бөлек ұсталады.";

13) 46-7-бапта:

1-тармақ "арнаулы қабылдау орнындағы," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнындағы," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлік "Арнаулы қабылдау орындарында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орындарында," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" деген сөздер "Құқық қорғау қызметі туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "Арнаулы қабылдау орындарында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орындарында," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "Арнаулы қабылдау орындарына," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орындарына," деген сөздермен толықтырылсын;

14) 46-8-бапта:

тақырып "Арнаулы қабылдау орындарында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орындарында," деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзац "Арнаулы қабылдау орындарында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орындарында," деген сөздермен толықтырылсын;

1), 2) және 7) тармақшалар "арнаулы қабылдау орнында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнында," деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша "арнаулы қабылдау орнының," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнының," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "Арнаулы қабылдау орындарына," "арнаулы қабылдау орнындағы," деген сөздерден кейін тиісінше "Қабылдау-бөлу орындарына," "қабылдау-бөлу орнындағы," деген сөздермен толықтырылсын;

15) 46-9-бапта:

тақырып пен 1-тармақ "арнаулы қабылдау орнынан," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнынан," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "есірткі заттарын" деген сөздер "есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ "арнаулы қабылдау орнында," деген сөздерден кейін "қабылдау-бөлу орнында," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 51-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша өтініштер мен шағымдар" деген сөздер "құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша өтініштер" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 1-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Мемлекеттік қорғауга жататын адамдарға қатысты мемлекеттік қорғау шараларын іске асыру осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) мемлекет өз азаматтының қылмыстық процеске қатысуына байланысты олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін орындау;

2) қорғалатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік билік органдары жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз ету;

3) қорғалатын адамдарға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шараларын айқындау.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) занылыш;

2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу;

3) қорғалатын адамның жеке басының құқықтары мен заңды мүдделерінің басымдығы;

4) қорғалатын адамдар мен мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ететін органдардың өзара жауапкершілігі.".

8. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе алып тасталсын;

2) 2-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

3) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы күзет қызметінің құқықтық негіздерін, күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындау осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғышылықтардан қорғау;

2) жеке және занды тұлғалардың мүлкін құқыққа қарсы қол сұғышылықтардан қорғау.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) зандылық;

2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен занды мұдделерін құрметтеу және сақтау;

3) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мұдделерін ескеру;

4) күзет қызметін жүзеге асыру кезінде үшінші тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен занды мұдделерінің бұзылуына жол бермеу.";

4) 4-бап алып тасталсын;

5) 16-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Күзет қызметтерін көрсету туралы шартта көрсетілетін күзет қызметтерінің түрлері, сондай-ақ орындаушының күзет қызметтерін көрсетуге арналған лицензиясының нөмірі мен берілген күні туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.".

9. "Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеті мен қағидаттары

1. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Төтенше жағдай енгізу аймағында барлық қызмет салаларының жұмыс істеуін қалпына келтіру осы Заңның негізгі міндеті болып табылады.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) азаматтардың қауіпсіздігін, олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, төтенше жағдайдың туындауы салдарынан қауіп төнген адамдардың өмірі мен деңсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышы мен егемендігінің негіздерін сақтау;

2) заңдылықты сақтау".

10. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 6-баптың 2), 2-1), 2-2), 3) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

3) 8-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

11. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-1 және 101-3-баптарына сәйкес тұрғын үй төлемдерін алушы жалдаушы ретінде болса, тұрғынжайды жалдау шарты жылжымайтын мүлікті пайдалану мерзіміне қарамастан мемлекеттік тіркеуге жатады".

12. "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 20-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі ", ішкі істер органы жергілікті полиция қызметінің бастықтары, олардың" деген сөздер "бастықтары не олардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" 2010 жылғы 29 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 21-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын, қызметтік (лауазымдық, еңбек) міндеттерін орындау үшін, медициналық мақсаттарда, азаматтық қорғау үшін, ауа райы жағдайларында, сондай-ақ спорттық, спорттық-бұқаралық және мәдени-бұқаралық іс-шараларға тікелей қатысатын адамдарға қажет болатын жағдайларды қоспағанда, қоғамдық орындарда бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін ким-кешекті киіп жүрге тыйым салынады".

14. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы, дene бітімі немесе психикалық даму жағдайы бойынша құқық қорғау қызметін өткеруге жарамсыз деп танылған;";

2) 7-1-баптың 10-тармағында:

екінші бөліктегі "бос лауазым бойынша көзделетін міндеттерді уақытша атқарады, онымен" деген сөздер "бос немесе уақытша бос лауазым бойынша көзделетін міндеттерді уақытша атқарады. Онымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "бос лауазым бойынша міндеттерді жүзеге асыру кезеңі" деген сөздер "бос немесе уақытша бос лауазым бойынша міндеттерді жүзеге асыру кезеңі сынақ мерзіміне, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 12-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "тиісті лауазымға тағайындаумен қатар" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтағы "құқық қорғау қызметі лауазымына тағайындау" деген сөздер "құқық қорғау органдарына қызметке қабылдау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 30-баптың 4-1-тармағындағы "басқа жерге" деген сөздер "басқа елді мекенге" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 31-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

"Қызметке" деген сөз "Осы баптың 3-тармағында аталған қызметкерлерді қоспағанда, қызметке" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқа жерге" деген сөздер "басқа елді мекенге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектігі бар балалары, оның ішінде асырап алған балалары (қорғаншы болып табылатын) немесе асыраудың онымен тұрақты бірге тұратын және бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар отбасы мүшелері не Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген жасына

байланысты зейнеткер ата-анасы бар лауазымды адамдардың басқа елді мекенге көшумен байланысты ротациясына осы лауазымды адамдардың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі. Көрсетілген мән-жайлар құжат түрінде расталуға тиіс.

Басқа елді мекенге көшумен байланысты ротациядан бас тартқан жағдайда, осы санаттағы қызметкерлерге нақ сол елді мекеннен бұрын атқарған лауазымынан төмен емес лауазым ұсынылады не құқық қорғау органы басшысының шешімі бойынша лауазымда болу мерзімі үш жылға дейін ұзартылады.

Лауазымда болудың ең ұзақ мерзімі өткен соң қызметкерге нақ сол елді мекеннен қызметінің нәтижелері, кәсіби қасиеттері, құқық қорғау қызметінің өтілі ескеріле отырып, лауазым ұсынылады.

Ұсынылған лауазымнан бас тартқан жағдайда қызметкер атқаратын лауазымынан босатылады және оның одан әрі қызмет өткериуі мәселесін шешу үшін құқық қорғау органының қарамағына қабылданады.";

6) 45-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдарға және халықаралық үйымдарға іссапарға жіберу кезеңінде қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құқықтар, кепілдіктер, жеңілдіктер, өтемақылар, зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғалу сақталады.";

7) 46-1-баптың 2-тармағы 7) тармақшасындағы "лауазымнан босату қызметкерді құқық қорғау органының қарамағына қабылдау негіздері болып табылады." деген сөздер "лауазымнан босату;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) осы Заңның 31-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда ұсынылған лауазымнан бас тарту қызметкерді құқық қорғау органының қарамағына қабылдау негіздері болып табылады.";

8) 47-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігі "тағайындалса" деген сөзден кейін ", жоспардан тыс аттестаттаудан өтетін қызметкерлерді қоспағанда," сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жоспардан тыс аттестаттауға жататын қызметкерлерді қоспағанда, құқық қорғау органының басшысы және оның орынбасарлары, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет өтілі не әскери қызметтегі өтілі кемінде жиырма жыл болатын қызметкерлер аттестаттауға жатпайды."

;

5-тармақта:

2) тармақшадағы "кәсіптік" деген сөз "прокуратура органдарының қызметкерлерін қоспағанда, кәсіптік" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақ "заңнамасын" деген сөзден кейін ", қазақ тілін" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 57-баптың 10-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Адамды қылмыстық жауаптылық заңсыз тартуға алып келген теріс қылыш жасағаны үшін тәртіптік жаза ақтау үкімі заңды күшіне енген немесе қылмыстық іс Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады.

Сот ақтау үкімінің не ақтау негіздері бойынша істі тоқтату туралы қаулының күшін жойған жағдайда, құқық қорғау органының қызметкеріне осы іске байланысты әрекеттері үшін бұрын қолданылған тәртіптік жаза қайта қарауға жатады. Егер қызметкердің әрекеті Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сай келетіні анықталса, тәртіптік жазаның күші жойылады.

Бұл ретте қызметкерге осындай жазаның салдарынан алынбаған сыйақылардың, үстемеақылардың және басқа да женілдіктердің өтелу құқығы беріледі. Кезекті атақ немесе сыныптық шен беру мәселесі тәртіптік жаза есепке алынбай, оны берудің тиісті күні ескеріле отырып шешіледі.";

10) 60-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша құқық қорғау органының басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 63-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"63-бап. Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау

1. Қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері мен мұлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің қорғауында болады.

2. Осы Заңда белгіленген құқық қорғау органдарында қызмет өткерудің ерекше сипаты мен қызметкерлердің жауапкершілігі қосымша әлеуметтік құқықтармен және женілдіктермен өтеледі.

3. Құқық қорғау органының қызметкерін қызмет бабында бір елді мекеннен екінші елді мекенге елу километрден астам қашықтыққа көшумен байланысты ауыстыру және жылжыту кезінде қызметкердің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және онымен бірге көшіп келген әрбір отбасы мүшесіне жарты айлық ақшалай қаражат мөлшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.

Құқық қорғау органының қызметкерін қызмет бабында ауыстыру және жылжыту кезінде оған бюджет қаражаты есебінен он тоннага дейін өз мұлкін тасымалдағаны үшін, сондай-ақ онымен бірге көшіп келген отбасы мүшелерін қоса алғанда, теміржол, су, автомобиль көлігінде жол жүргені үшін шығындар өтеледі.

Қызмет бабында ауыстыру және жылжыту кезінде көтерме жәрдемақыға, көлікте жол жүру және өз мұлкін тасымалдау шығындарының өтелуіне құқығы бар құқық қорғау органдары қызметкерлері лауазымдарының тізбесін құқық қорғау органының басшысы айқындейды.

Ескеертпе. Осы бапта құқық қорғау органдың қызметкерлерінің отбасы мүшелері деп: жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе біреуінің кәмелетке толмаған (асырап алған, асыраудыңдағы немесе қорғаншылығындағы) балалары; жұбайының (зайыбының) білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқытын жиырмада шағындағы жасқа дейінгі балалары; мүгедектігі бар (асырап алған, асыраудыңдағы немесе қамкорлығындағы) балалар және жұбайының (зайыбының) он сегіз жасқа дейін мүгедектік белгіленген мүгедектігі бар балалары; қызметкердің асыраудыңдағы ата-аналары мен жұбайының (зайыбының) ата-аналары түсініледі.

Асыраудыңдағы адамдар деп құқық қорғау органдың қызметкерлерінің табысы есебінен өмір сүретін және дербес табыс көзі жоқ отбасы мүшелері танылады.";

12) 66-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің жұбайына (зайыбына) төленетін ай сайынғы ақшалай төлем ол қайтадан некеге тұрған жағдайда тоқтатылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем оны алуға құқығы бар адам өтініш берген күннен бастап жүзеге асырылады.";

13) 68-баптың тақырыбы, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылды:

"68-бап. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету";

"2. Қызметкерлердің, сондай-ақ құқық қорғау органдарындағы қызметтен шығарылған адамдардың "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен тұрып жатқан қызметтік тұрғынжайын жекешелендіруге құқығы бар.

3. Қызметкерлер (курсанттарды қоспағанда) және олардың отбасы мүшелері "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен қызмет өткери кезеңінде бюджет қаражаты есебінен тұрғынжаймен қамтамасыз етіледі.";

14) 82-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылды:

"Қызметкерлердің қызмет өткери мерзімін ұзарту құқық қорғау органдарындағы қызметтің бүкіл кезеңінде екі реттен асырмай жүзеге асырылады.";

15) 84-бап мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылды:

"Осы Заңың 66-бабы 9-тармағының күші қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкерлердің 2022 жылғы 1 қаңтарда жесір әйелдері (тұл ерлері) мен балалары болып табылған адамдарға да қолданылады".

15. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылды:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) көшіп-қонушылардың Қазақстан Республикасындағы жағдайын реттеу, сондай-ақ олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

2) көші-қон процестерін реттеу және заңсыз көші-қонға қарсы құрес;

3) көшіп-қонушылардың қазақстандық қоғамға интеграциялануы үшін жағдайлар жасау;

4) көшіп-қонушылардың еңбек құқықтарын қорғау және еңбекпен қанауға қарсы құрес.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) өнірлердің демографиялық және әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін ескере отырып, қандастардың ұтымды түрде қоныстандырылуын ұйымдастыру;

2) Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін тарту;

3) шетелдік жұмыс күшін тартуды квоталау арқылы ішкі еңбек нарығын қорғау;

4) Қазақстанның халықаралық еңбек нарығына интеграциялануын қамтамасыз ету;

5) халықтың жаппай көші-қонына алып келуі мүмкін жанжалдардың алдын алу және оларды болғызбау мақсатында Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен ынтымақтастырылуын дамыту;

6) ішкі көші-қон ағындарын оңтайландыру, көшіп-қонушылардың ел аумағы бойынша ұтымды түрде қоныстандырылуын қамтамасыз ету;

7) шетелде тұратын бұрынғы отандастармен және этностық қазақтармен, оның ішінде мәдени ынтымақтастық және ақпараттық қамтамасыз ету саласындағы өзара қарым-қатынастарды қолдау және дамыту;

8) этностық қазақтардың тарихи отанына қоныс аударуына жәрдемдесу;

9) көші-қон процестерін реттеу, заңсыз көшіп келудің алдын алу және жолын кесу саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға кепілдік беру;

2) ұлттық мүдделерді қорғау және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін ұштастыру;

4) пайдаланылатын ақпараттың жаңартылуы және бірнеше рет қайталануы негізінде көші-қон процестерін реттеудің ашықтығы;

5) мемлекеттің көшіп келудің әрқилы түрлерін реттеуге сараланған тәсілі.";

3) 9-бапта:

2) тармақша алым тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-2) тармақшамен толықтырылсын:

"16-2) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың көші-қоны саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзірлейді және бекітеді";

4) 28 және 41-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Отбасын біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасына келуге виза алудың тәртібі

1. Отбасын біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасына келуге виза беру Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Отбасын біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасында тұруға құқығы бар көшіп келушілерге, уақытша тұруға арналған рұқсаттардың берілуі солардың болуына байланысты болатын мән-жайлардың (кәмелетке толуы, біріктіруді сұраған адамның қайтыс болуы, біріктіру жүргізуге негіз болған некенің бұзылуы немесе күшінің жойылуы) қолданылуы тоқтатылған жағдайларда, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан кем емес мөлшерде отбасының әрбір мүшесін айына асырап-бағуға бұл үшін қажетті қаржылай қаражатының бар екендігі расталған жағдайда, ішкі істер органдары рұқсатты олардың өтініштері негізінде алты айға дейінгі кезеңге ұзартады.";

"41-бап. Маусымдық шетелдік жұмыскерлерді тарту, олардың келу және болу шарттары

1. Маусымдық шетелдік жұмыскерлер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес немесе жұмыс берушілерге жергілікті атқарушы органдар квота шегінде шетелдік жұмыс күшін тартуға беретін рұқсаттар негізінде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастын шарттарда және тәртіппен экономиканың жекелеген салаларына жұмысқа тартылады.

2. Маусымдық шетелдік жұмыскерлерді тартатын жұмыс берушілер оларға Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары туралы заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық, техникалық және басқа да міндетті талаптарға сай келетін уақытша тұрғын үй беруге міндетті.

3. Маусымдық шетелдік жұмыскерлерге келуге арналған визаларды шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттардың негізінде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері береді.

4. Қазақстан Республикасымен визасыз келу және болу тәртібі туралы келісім жасасқан мемлекеттерден келген маусымдық шетелдік жұмыскерлерге уақытша тұруға арналған рұқсатты ішкі істер органдары береді.

5. Маусымдық шетелдік жұмыскерлер:

1) көмелеттік жаста болуға;

2) еңбек қызметіне кедергі келтіретін аурулардың жоқ екенін растайтын медициналық анықтаманы ұсынуға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен талаптар сақтала отырып, тараптардың келісімінде айқындалған шарттарда медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және шұғыл нысанда стационарлық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекті жабатын медициналық сақтандыруы болуға міндетті.;"

5) 42-бап алып тасталсын.

16. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 77-баптың 12-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қызметтегі міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) курсанттың, тыңдаушының жұбайына (зайыбына) төленетін ай сайынғы ақшалай төлем ол қайтадан некеге тұрган жағдайда тоқтатылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем оны алуға құқығы бар адам өтініш берген күннен бастап жүзеге асырылады.";

2) 78-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Қызметтегі міндеттерін атқару кезінде алған мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузиясы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің жұбайына (зайыбына) төленетін ай сайынғы ақшалай төлем ол қайтадан некеге тұрган жағдайда тоқтатылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем оны алуға құқығы бар адам өтініш берген күннен бастап жүзеге асырылады.";

3) 84-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

4) 85-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы Заңның 77-бабы 12-тармағының, 78-бабы 11-тармағының күші қаза тапқан (қайтыс болған) курсанттардың, тыңдаушылар мен қызметкерлердің 2022 жылғы 1 қаңтарда жесір әйелдері (тұл ерлері) мен балалары болып табылған адамдарға да қолданылады.".

17. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мэртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 26-2) тармақшамен толықтырылсын:

"26-2) далалық төлемдер – әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілерін, әскери оқу орындарының курсанттары мен кадеттерін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettілерді, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді қоспағанда) бір тәуліктен астам далалық шығу, теңізге шығу, оқу-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына қатысу кезеңінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын төлемдер";

2) 44-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Далалық төлемдер уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен, тұрақты тұрғылықты жерінен тыс орналасқан жеріне қарамастан, далалық шығуда (арнаулы далалық жұмыстарды қоспағанда), теңізге шығуда болғаны үшін, оқу-жаттығуларға немесе кемелердің жорықтарына қатысқаны үшін іссапар шығыстары төленбестен, тәулігіне 1,2 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылады.";

3) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін тұрғынжаймен қамтамасыз ету

Әскери қызметшілер (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді, резервтегі әскери адамдарды, курсанттар мен кадеттерді, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettілерді қоспағанда) және олардың отбасы мүшелері әскери қызмет өткеру кезеңінде "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен тұрғынжаймен қамтамасыз етіледі.";

4) 52-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Әскери қызмет міндettерін атқару кезінде алған мертігуі (жарапануы, жарақаттануы, контузиясы) салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған), келісімшарт бойынша әскери қызмет өткерген әскери қызметшінің, мерзімді қызметтің әскери қызметшісінің, курсанттың, кадеттің, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettі адамның, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жиындарда және дағдарыстық ахуал кезіндегі жиындарда болған резервтегі әскери адамның жұбайына (зайыбына) төленетін ай сайынғы ақшалай төлем ол қайтадан некеге тұрған жағдайда тоқтатылады.

Ай сайынғы ақшалай төлем оны алуға құқығы бар адам өтініш берген күннен бастап жүзеге асырылады.";

5) 55-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тұрғын үй төлемдері тұрғынжайға мұқтаж, келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге (курсанттар мен кадеттерді, әскери жиындарға шақырылған әскери міндettілерді, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе

жындарда және дағдарыстық ахуал кезіндегі жындарда болған резервтегі әскери адамдарды қоспағанда) олардың баянаты бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, азаматтық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні түрғын үймен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Осы Заңың 52-бабы 4-тармағының күші қаза тапқан (қайтыс болған), келісімшарт бойынша әскери қызмет өткөрген әскери қызметшілердің, мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінің, курсанттардың, кадеттердің, әскери жындарға шақырылған әскери міндеттілердің, жауынгерлік даярлық бойынша сабактарда немесе жындарда және дағдарыстық ахуал кезіндегі жындарда болған резервтегі әскери адамдардың 2022 жылғы 1 қаңтарда жесір әйелдері (тұл ерлері) мен балалары болып табылған адамдарға да қолданылады".

18. "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Осы Заңың негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) жеке басты куәландыратын құжаттар саласындағы қатынастарды реттеу;

2) тұратын жеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын сәйкестендіруді қамтамасыз ету;

3) халықты құжаттандыру жүйесін жетілдіру.

2. Осы Заңың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру саласындағы процестерді реттеу;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын немесе уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың халықты құжаттандыру саласындағы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік органдардың халықты құжаттандыру саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруы.

3. Осы Заңың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) заңдылық;

- 2) міндеттілік;
 - 3) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сактау;
 - 4) баршаның заң мен сот алдындағы теңдігі;
 - 5) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол бермеу;
 - 6) адамның және азаматтың құқықтары мен міндеттерінің біртұтастығы;
 - 7) қолжетімділік.";
- 3) 26-бапта:
- 1) және 2) тармақшалар алып тасталсын;
- мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:
- "2-1) өз құзыреті шегінде жеке басты куәландыратын құжаттар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2-2) осы Заңның мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жеке басты куәландыратын құжаттар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді";
- 3) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының" деген сөздер "осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын.
19. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:
- 1) кіріспе алып тасталсын;
 - 2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:
- "3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары
1. Қазақстан Республикасында жол жүрісінің жұмыс істеуінің және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздері мен жалпы шарттарын белгілеу осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.
 2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:
- 1) жол жүрісі саласындағы мемлекеттік басқару;
 - 2) жол жүрісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзыретін айқындау;
 - 3) жол жүрісі саласындағы мемлекеттік бақылау;
- 4) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жол-көлік оқиғаларының салдарын жоюға бағытталған қызметті басқару;
- 5) жолдардың қауіпсіздігін және өткізу қабілетін қамтамасыз етуге бағытталған қызметті басқару;
- 6) көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қызметті басқару;

7) көлік құралдарының жол жүрісіне қатысуына және адамдардың көлік құралдарын басқаруына рұқсат беруді жүзеге асыру.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттary мыналар болып табылады:

1) жол жүрісіне қатысушылардың өмірі мен денсаулығының шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелерінен басымдығы;

2) жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі үшін мемлекет жауапкершілігінің жол жүрісіне қатысушылардың жауапкершілігінен басымдығы;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде жол жүрісіне қатысушылардың, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы;

4) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас.;"

3) 10-бапта:

2), 7), 9), 11) және 12) тармақшалар алып тасталсын;

13) тармақшадағы "әзірлейді" деген сөз "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-1), 16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 24-3) тармақшамен толықтырылсын:

"24-3) осы Заңның мақсаты мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді";

4) 14-баптың 1-тармағында:

2) және 3) тармақшалардағы ", шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінің, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшадағы ", шетелдіктермен, азаматтығы жоқ адамдармен, шетел компанияларының филиалдарымен және өкілдіктерімен, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалармен" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақшада:

", шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетел компанияларының филиалдары мен өкілдіктерінің, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардың" деген сөздер алып тасталсын;

"өткізуді үйымдастырады" деген сөздер "өткізуге жәрдемдеседі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 22-бапта:

1) және 2) тармақшалардағы "уәкілетті орган ведомствоның", "уәкілетті орган ведомство" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің", "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "үәкілетті орган ведомствоның мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің мемлекеттік бақылау жөніндегі қызметкерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) және 5) тармақшалардағы "үәкілетті органның" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "үәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік бақылау жөніндегі қызметкерлері" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары және олардың негізгі мақсаттары

1. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары (бұдан әрі – ішкі істер органдары) құқық қорғау органы болып табылады.

2. Адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін, қоғам мен мемлекет мұдделерін құқыққа қарсы қолсұғыштықтардан қорғау, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ішкі істер органдарының негізгі мақсаттары болып табылады.

3. Ишкі істер органдары өз өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде олардың қызметіне араласуға тыйым салынады.";

2) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

3) 5-баптың 8-4) және 9) тармақшалары алып тасталсын;

4) 7-бапта:

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік полиция участекелік полиция инспекторларының бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, патрульдік полициядан, табиғатты қорғау полициясынан және құқық бұзушылықтар профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау

бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, айдауылдау қызметінен, арнаулы мекемелерден және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден турады.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, көліктегі полиция департаменттері, қалалардың, аудандардың, қалалардағы аудандардың, көліктегі полиция органдары аумақтық полиция органдары болып табылады.";

5) 8-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "ішкі істер департаменттерінің" деген сөздер "полиция департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9-1-бап алып тасталсын;

7) 11-бапта:

1), 10), 14), 15), 16), 18), 19), 20), 21), 22), 24), 25), 26) және 26-1) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 26-2) тармақшамен толықтырылсын:

"26-2) ішкі істер органдарының мақсаттары мен міндеттеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді";

8) 13-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 19-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

10) 22-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-тарауына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты және Ұлттық ұлан қызметінің негізгі қағидаттары

1. Ұлттық ұланның қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін және тәртібін, оның жалпы құрылымын, Ұлттық ұлан әскери қызметшілерінің өкілеттіктері мен құқықтық ережелерін айқындау осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Ұлттық ұланның қызметі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет қағидаттары және құқық қорғау қызметінің арнаулы қағидаттары негізінде жүзеге асырылады:

1) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, қоғам мен мемлекет мүдделерін қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғышлықтардан қорғаудың міндettілігі;

2) азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастық;

3) Ұлттық ұлан қатарында қызметті ұйымдастырудың тәсілдердің біртұтастығы;

4) дара басшылық пен дәреже сатысы (бағыныстылық);

5) саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу."

;

3) 12-бапта:

2) тармақша алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) осы Заңың мақсатына, Ұлттық ұланның міндettтеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Ұлттық ұлан қызметінің мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекітеді";

4) 27-бапта:

тақырып "және тұрғын үйге құқықтары" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерін тұрғынжаймен қамтамасыз ету "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.";

5) 28-бап алдында тасталсын;

6) 30-баптың 1 және 5-тармақтары алдында тасталсын.

22. "Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) жеке басты верификациялау – жеке тұлғаның қол саусақтарының және (немесе) алақандарының папиллярлық бедерлерінің оның дактилоскопиялық ақпаратымен сәйкес келуін тексеру арқылы жеке басты растау";

2) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

3) 4-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) еріктілік және міндettілік";

4) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің негізгі міндettтері

Дактилоскопиялық және геномдық тіркеудің негізгі міндettтері мыналар болып табылады:

- 1) дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 2) дактилоскопиялық ақпарат негізінде көші-қон процестерін реттеуді қамтамасыз ету, заңсыз көші-қонға қарсы қүрес;
- 3) халықты құжаттандыру кезінде дактилоскопиялық тіркелуге жататын адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 4) дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинауға, өндөуге, қорғауға, биологиялық материалды іріктеуге және пайдалануға қойылатын негізгі талаптарды белгілеу;
- 5) дактилоскопиялық және геномдық тіркеу саласындағы мемлекеттік реттеу;
- 6) қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды және тергеп-тексеруді қамтамасыз ету;
- 7) дактилоскопиялық және геномдық тіркеу қызметін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету.;"
- 5) 7-баптың 1-тармағы 2) тармақшасындағы "шағым жасауға құқығы бар." деген сөздер "шағым жасауға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:
"3) дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинау, сақтау және пайдалану кезінде оның қорғалуына құқығы бар.;"
- 6) 9-баптың 3-тармағындағы "жедел-іздестіру, барлау, қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен бірлескен нормативтік құқықтық актілердің негізінде" деген сөздер "дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 7) 1-тaraу мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:
"9-1-бап. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу түрлері
Осы Заңға сәйкес ерікті немесе міндетті дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізіледі.;"
- 8) 10-бапта:
2-тармақтың 6) тармақшасындағы "Қазақстан" деген сөз "Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне бармай, электрондық форматта берілетін визаларды қоспағанда, Қазақстан" деген сөздермен ауыстырылсын;
3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары айқындейтын тәртіппен верификациялау" деген сөздер "дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен жеке басты верификациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 4-тармақтың екінші сөйлемі алып тасталсын;
- 5-тармақ алып тасталсын;
- 9) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Дактилоскопиялық тіркеуге жатпайтын адамдар

1. Он екі жасқа толмаған балалар:

1) дактилоскопиялық тіркеуден;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен кезде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімдерінен өтуден босатылады.

2. Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу кезінде дактилоскопиялық тіркеуден өтуден өзаралық қағидат негізге алына отырып, мыналар босатылады:

1) шет мемлекеттердің, үкіметтердің, халықаралық ұйымдардың дипломаттық мэртебеге теңестірілген басшылары және олардың отбасы мүшелері;

2) шет мемлекеттер парламенттерінің, үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың дипломаттық мэртебеге теңестірілген мүшелері және олардың отбасы мүшелері – дипломаттық паспорттардың иелері, сондай-ақ ресми шетелдік делегациялардың мүшелері және оларды өртіп жүретін адамдар – дипломаттық паспорттардың иелері;

3) Қазақстан Республикасының құрметті консулдары және олардың отбасы мүшелері;

4) дипломаттық паспорттардың, сондай-ақ халықаралық ұйымдар паспорттарының Қазақстан Республикасына қызметтік істер бойынша жіберілетін дипломаттық агенттерге теңестірілген мэртебесі бар иелері;

5) дипломатиялық поштаны тасымалдайтын дипломаттық курьерлер – курьерлік парағы болған кезде дипломаттық паспорттардың иелері;

6) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, арнаулы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде мыналар дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімінен босатылады:

1) дипломаттық паспорттардың иелері;

2) дипломатиялық және қызметтік визалардың иегерлері;

3) арнаулы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша жолданымы бойынша шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

4) дактилоскопиялық тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының азаматтары.

4. Дактилоскопиялауға мүмкіндігі жоқ адамдар жеке басты куэландыратын құжаттарды ресімдеу кезінде дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы негізінде міндетті дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатылады. Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болатын аурулардың тізбесін деңсаулық сақтау

саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша бекітеді.

Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуге жататын не Қазақстан Республикасы ратификациялаған реадмиссия туралы халықаралық шарттардың күші қолданылатын, екі қолының барлық саусағы жоқ немесе екі қолының барлық саусағының тырнақ фалангаларында папиллярлық бедерлер жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар қолдарының алақандары бойынша дактилоскопиялық тіркелуге жатады.

Егер адамның екі қолының барлық саусағы немесе қолбасы болмаса, ол:

- 1) егер осы Занда өзгеше көзделмесе, дактилоскопиялық тіркеуден өтуден;
- 2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басын растау рәсімінен босатылады.";

10) 12-бапта:

"визаларын ресімдеу, Қазақстан Республикасында тұрақты немесе уақытша тұруға рұқсат беру" деген сөздер "визаларын, Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсатты ресімдеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіппен" деген сөздер "дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізу қағидаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 16-баптың екінші бөлігі алып тасталын;

12) 17-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дактилоскопиялық ақпаратты жою дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен ішкі істер органдары уәкілетті бөлімшелерінің, көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның басшылары бекітетін актілер бойынша жүргізіледі.";

13) 20 және 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Биологиялық материалды іріктеу кезінде алынатын және геномдық ақпараты бар материалдық жеткізгіштерде қамтылатын мәліметтер

Биологиялық материалды іріктеу кезінде алынатын, сондай-ақ геномдық ақпараты бар материалдық жеткізгіштерде қамтылатын мәліметтер дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізу қағидаларында айқындалады.";

"23-бап. Биологиялық материал мен геномдық ақпаратты жою

1. Хабарсыз кеткен азаматтардың биологиялық туыстарының, анықталмаған адамдардың, танылмаған мәйіттердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында алынған және қылмыстық іс бойынша заттай дәлелдеме деп танылған биологиялық материалы геномдық ақпарат алынғаннан кейін анықтау, тергеу органдарына қайтарылады.

2. Геномдық тіркеу жүргізу нәтижесінде алынған геномдық ақпаратты сақтауды жүзеге асыратын ішкі істер органдары оны осы Занда көзделген сақтау мерзімдері өткеннен кейін жояды.

3. Сотталғаннан кейін геномдық тіркеуге ұшыраған ақталған адамның геномдық ақпараты сottтың ақтау үкімі заңды қүшіне енгеннен кейін бір жылдан өрте жойылмайды.

4. Сотталған адамдарға геномдық тіркеу жүргізу кезінде алынған биологиялық материалды осы Заңның 22-бабының 2-тармағында белгіленген сақталу мерзімдері өткеннен кейін, сондай-ақ геномдық тіркеу кезінде алынған геномдық ақпаратты жоюды ішкі істер органдарының уәкілетті бөлімшесі дактилоскопиялық және геномдық тіркеу жүргізу қағидаларында айқындалатын тәртіппен оның басшысы бекітетін актілер бойынша жүзеге асырады.";

14) 24 және 30-баптар алып тасталсын;

15) 33-бапта:

тақырып "органның" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шетелде Қазақстан Республикасының визаларын алу кезінде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың дактилоскопиялық ақпаратын жинау және беру Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері мен заңды тұлғалар арасында қызметтер көрсету туралы шарт жасасу арқылы деректердің құпиялышы қатаң сақталған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.".

23. "Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы" 2021 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары

Осы Заңның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) мемлекеттік фельдъегерлік байланыс саласындағы құқықтық, ұйымдастырушылық қатынастарды және қызметті реттеуді қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің құқықтық негіздерін құру және қызметкерлері мен жұмыскерлерінің өкілеттіктерін белгілеу.";

3) 3-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президенті – Елбасының, ", ", Қазақстан Республикасы Тұнғыш Президенті – Елбасы Кеңесі" деген сөздер алып тасталсын;

4) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңдан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

5) 6-баптың тақырыбындағы "қызметтің басшылығы" деген сөздер "қызмет басшылығының өкілеттіктері" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 9-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет арқылы жөнелтілетін хат-хабарды және оған ілеспе құжаттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуге міндettі.>";

7) 12-баптағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 13-баптың 7-тармағы 2) тармақшасының екінші бөлігіндегі "үәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 16-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "үәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағын, 11-тармағын, 14-тармағының 13) тармақшасын, 17-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын, 5) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

К. ТОҚАЕВ